



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қаржы-экономикалық факультеті

Салалық экономика кафедрасы

050807 «Орман шаруашылығы ісі» мамандығының студенттеріне арналған
(мамандық (тардың) атауы және шифрі)

«Орман шаруашылығын басқару»

(жұмыс оқу жоспары бойынша пәннің толық атауы)

ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(Syllabus)

Пәні бойынша оқыту
бағдарламасын (Syllabus)
бекіту парағы



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/38

БЕКІТЕМІН

Қаржы-экономика
факультетінің деканы
_____ Т.Я.Эрназаров
2012ж. _____ «___»

Құрастырушы: доцент А. А. Нұрғалиева _____

Салалық экономика кафедрасы

050807 «Орман шаруашылығы ісі» күндүізгі оқу түрінің мамандығының
студенттеріне арналған «Орман шаруашылығын басқару»

пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)

Бағдарлама «___» _____20__ж. бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының негізінде
әзірленген.

2012ж. «___» _____ кафедра отырысында **ұсынылды** № __ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ С. Е Сарсембекова 2012ж. «___» _____

Қаржы – экономикалық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен **мақұлданды**
2012ж. «___» _____ № __ хаттама

ОӘК төрайымы _____ А.Б. Темиргалиева 2012ж. «___» _____

КЕЛІСІЛГЕН

«Агротехнология» кафедрасының
меңгерушісі _____ Кабжанова Г.Р. 2012ж. «___» _____

1. Оқытушы туралы мәліметтер

Нұрғалиева Айнаш Амангелдіқызы – Салалық экономика кафедрасының доценті (дәріс, тәжірибелік сабақтар, СӨЖ)

Кеңес беру кестеге сәйкес (ауд. 523) қабылданады. тел. 67-36-56 (1193)

2. Пән туралы мәліметтер

Атауы: «Орман шаруашылығын басқару» кәсіпорындағы түрлі экономикалық құбылыстарды модельдеуді және бағалауды, инновацияларды басқаруды және маркетингтік зерттеулерді, аспап жасау саласындағы өндірістік – шаруашылық бағыттарын үйрену. Сабақ өткізу орны – кестеге сай жүргізіледі. Пән бойынша бақылау нысаны – емтихан.

3. Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттар саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша қарым-қатынас сағаттарының саны						Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау нысаны
		барлы-ғы	Дәріс	тәжірибе	Зертханалық	студия-лық	жеке	барлығы	СӨЖ	
7	3	45	30	15				90		емтихан

4. Пәннің мақсаты және міндеттері

«Орман шаруашылығын басқару» пәнін оқыту мақсаты – ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындарында менеджмент, маркетинг, өндірісті тиімді және ұтымды ұйымдастыру мәселелері бойынша студенттерге теориялық білім беру және оны іс жүзінде қолдануды үйрету.

5. Білімге, икемділікке және дағды-машықтарға қойылатын талаптар:

- Пәнді зерттеу қажетті экономика саласында және өндірістің ұйымын білімдермен меңгеру болып табылады.
- агробизнесті ұйымдастырудың ғылыми негіздері, бизнес түрлері;
- әртүрлі меншіктегі АӨК кәсіпорындарының ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері;
- бәсекелестік қаблетін және оны жоғарлату мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді;
- өсімдік шаруашылығында өндірісті ұйымдастыру;
- астық өндіруді ұйымдастыру;
- мал шаруашылығы салаларын ұйымдастырудың жалпы мәселелері;
- мүйізді қара мал шаруашылығын ұйымдастыру;
- қой және құс шаруашылықтарын ұйымдастыру;
- агробизнесті жоспарлау

Пререквизиттер

«Орман шаруашылығын басқару» курсына оқып білу экономикалық теория, жоғары математика, статистика және бірқатар технологиялық пәндер курсынан алған білімдеріне негізделген.

- маркетинг және менеджмент негіздері;
- ауыл шаруашылық экономикасы.

Постреквизиттер

Пәнді оқғаннан кейін әртүрлі меншіктегі агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының ұйымдастырушылық-экономикалық негіздеріне толық икемделеді, және одан әрі келесі пәндерді қарастырады «Кәсіпорын экономикасы», «Өндірістік менеджмент», «Кәсіпкерлік қызметінің негіздері», «Персоналды басқару» «Экономика жіне менеджмент».

Пәннің тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
		Дәр.	Тәж.	СӨЖ
1	Орман және орман парк шаруашылығының дамуын басқару және жоспарлау	4		10
2	Ормандардың өнімділігін жоғарлату	4	2	10
3	Орман шаруашылық шаралардың тиімділігі	4	2	10
4	Орман және орман-парк шаруашылығындағы ғылыми-техникалық процесс пен инвестиция	3	2	10
5	Орман және орман-парк шаруашылығын қаржылындыру	3	2	10
6	Мемлекеттік орман кірісі	3	2	10
7	Өндірістік бағдарламаларды құру	3	2	10
8	Мемлекеттік мекемелердің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының құрылымы мен мазмұны	3	2	10
9	Өндірістік процесс және оны ұйымдастырудың негізгі принциптері	3	1	10
	Қорытынды:	30	15	90

Пәннің қысқаша сипаттамасы

«Орман шаруашылығын басқару» пәнін оқыту мақсаты – ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындарында менеджмент, маркетинг, өндірісті тиімді және ұтымды ұйымдастыру мәселелері бойынша студенттерге теориялық білім беру және оны іс жүзінде қолдануды үйрету. Қазақстан Республикасының агробизнеске қатысты заңдарын, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының және олардың бірлестіктерінің экономикалық-ұйымдастыру негіздерін, өндірісті мамандандыру мен жоспарлауды, жерді және басқадай өндіріс құралдарын ұтымды пайдалану жолдарын, өндірістің жан-жақты байланыстылығын, яғни, техникасын, технологиясын және оны ұйымдастыруды, еңбекті ұйымдастыруды, мөлшерлеу мен ақы төлеудің ғылыми негіздерін, ауыл шаруашылығы салаларының қызметтерін талдау әдістерін жете білге тиіс.

Курстың компоненттері

Дәріс сабақтардың мазмұны

Тарау 1 ОРМАН ЖӘНЕ ОРМАН ПАРК ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

Тақырып 1 Орман және орман парк шаруашылығының дамуын басқару және жоспарлау

Орман және орман-парк шаруашылығының дамуын жоспарлаудың ролі. Кеңес кезінде дамуды жоспарлаудың жүйесі мен оның орман шаруашылығы саласындағы ролі. Дамуды жоспарлау мен болжаудың қазіргі қатынасы. Индикациялық жоспарлау және оны нарықтық даму жағдайында орман және орман-парк шаруашылығын басқарудың жергілікті және төменгі буындарының негізгі түрлері мен олардың негізгі функциялары.

Өндірісті ұйымдастырудың негізгі формалары. Өндірістің негізгі жағдайлары мен орналастыру факторлары. Орман және орман-парк шаруашылығында өндірісті мамандыру, шоғырландыру, кооперациялау мен жинақтау, олардың кемшіліктері мен артықшылықтары.

Тарау 2 ОРМАНДАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ОРМАН ЖӘНЕ ОРМАН-ПАРК ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тақырып 2 Ормандардың өнімділігін жоғарлату

Орман өнімділігінің түсінігі мен көрсеткіштері. Орман қорларын қалпына келтірудің негізгі жолдары. Олардың қарапайым және кеңейтілген, экстенсивтік және интенсивті қалпына келтіру. Орманды аумақтарды экстерсивті жолдарымен жоғарылату қорлары (резервтері). Орман мен орманды жерлердің өнімділігін жоғарылату жолдары. Ормандар мен орманды пайдалану өнімділігін жоғарылату жолдары. Ормандар мен орманды пайдалану өнімділігін бағалау критеріі.

Тақырып 3 Орман шаруашылық шаралардың тиімділігі

Күтім кесулерінің жеке түрлерінің, орманды күзету мен қорғаудың, тұқымдарды дайындаудың, отырғызу материалдарын өсірудің, орманды қалпына келтіру мен өсірудің, әртүрлі мақсаттағы қорғаныш алқаағаштарының жалпы экологиялық және экономикалық тиімділігі.

Тақырып 4 Орман және орман-парк шаруашылығындағы ғылыми-техникалық процесс пен инвестиция

Орман және орман-парк шаруашылығындағы жаңа техника мен технологияның ролі. Орман шаруашылығының қарқындылығын сипаттайтын көрсеткіштері.

Орман, орман-парк және ауыл шаруашылығында инвестицияның қайнар көздері: мемлекеттік қаржылар мен банк несиелер.

Капитал еңгізудің жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділігі. Оны жоғарылату жолдары.

Тарау 3 ОРМАН ЖӘНЕ ОРМАН-ПАРК ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫРЫ МЕН КІРІСІ

Тақырып 5 Орман және орман-парк шаруашылығын қаржыландыру

Орман және орман-парк шаруашылығын қаржыландыру қайнар көздері. Бюджеттік қаржыландырудың артықшылықтары мен кемшіліктері. Банк несиелерінің ролі мен түрлері.

Тақырып 6 Мемлекеттік орман кірісі

Орман түсімі құрылымының көздері. Түбірдегі орманның өтем ақысы және бюджеттегі басқа да өтем түрлері. Меншікті құралдар, олардың мақсаты мен құрылу көздері.

Тарау 4 ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Тақырып 7 Өндірістік бағдарламаларды құру

Экономикалық және әлеуметтік даму жоспары – мемлекеттік мекеме қызметін жоспарлаудың және оның ұйым жобасымен, орман және орман-парк шаруашылығын дамыту мен байланысының басты пішіні. Жылдық жоспарлар мен операциялық-өндірістік жоспарлау.

Жоспарларды өндеу және бекіту реті. Мемлекеттік мекемелердің жоспарлық ұйымдастырудағы міндеттері.

Тақырып 8 Мемлекеттік мекемелердің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының құрылымы мен мазмұны

Экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының құрылымы мен мазмұны. Экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының құрылымы. Техникалық даму мен капитал болу және капиталдық құрылыстың жоспары. Жобалық ізденіс және орман шаруашылығын құру жұмыстарын жоспарлау.

Еңбек пен кадрларды жоспарлау. Еңбек өндірістілігін жоспарлау. Еңбекақы қорын жоспарлау. Өндірістің өзіндік құнын, пайдасын, рентабельдігін жоспарлау. Мекеменің қаржы жоспары. Кіріс пен шығын балансы. Қаржыландыру қайнар көздерін жоспарлау, бюджетпен, жоғарғы органмен банкпен қарым-қатынасы.

Тақырып 9 Өндірістік процесс және оны ұйымдастырудың негізгі принциптері

Өндірістік процесс және оны ұйымдастырудың негізгі принциптері мен талаптары. Өндірістің ұйымдастырушылық типтері мен олардың техникалық-экономикалық сипаттамасы. Өндірістің технологиялық дайындауын ұйымдастыру. Орман шаруашылық жұмыстардың негізгі түрлеріне нормативті-технологиялық карталарды құру.

Тақырып 10 Өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалануды ұйымдастыру

Шикізат пен материалдарды пайдалануды шектеу, олардың шығын көлемін есептеу.

Тақырып 11 Орман шаруашылық өндірісін ұйымдастыру

Орман шаруашылық өндірісі құрамында өзара байланысты жұмыстар мен шаралардың блоктарына бөлу. Оны объектілер мен орындау мерзімдері бойынша жүзеге асыру жоспарын жасау.

Тақырып 12 Орманның сүрек, сүректен басқа және азықтық қорларын пайдалануды ұйымдастыру

Күтім кесуі бойынша ағаш дайындау, тасымалдауды, сүрек шикізаты мен қалдықтарын өңдеу және сақтауды, азықтық және сүректен басқа өнімдерді жинау және қосымша пайдалануды ұйымдастыру.

Тақырып 13 Орман-парк шаруашылығы мекемелерінде өндірісті ұйымдастыру

Питомниктерде, гүл өсіру мен басқа шаруашылықтарда декоративтік отырғызу материалын өсіруді және тұқым алуды ұйымдастыру. Алқа ағаштарды пайдалану және оларды күту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Тақырып 14 Өнімдер мен қызмет сапасын бақылауды ұйымдастыру

Орман және орман-парк шаруашылығы кәсіпорындарында өнім өндірісі мен жұмыстарын техникалық бақылауды ұйымдастыру.

Тақырып 15 Өндірістің қызмет көрсетуін ұйымдастыру

Транспорт шаруашылығын ұйымдастыру. Жөндеу жұмыстарының шырушылығын ұйымдастыру. Қойма шаруашылығы.

Тарау 5 ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, НОРМАЛАУ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

Тақырып 16 Еңбекті ұйымдастыру негіздері

Еңбекті ұйымдастыру мәні және міндеттері. Еңбекті ұйымдастырудың әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық негіздері. Орман шаруашылық кәсіпорындарында еңбек бөлу және еңбек кооперациясы. Еңбекті ұйымдастырудың бригадалық пішіні. Жалдау және жалгерлік мердігерлік. Жұмыс орындарының есебі, оны нормалау және аттестация жүргізу. Еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру бойынша шаралар.

Тақырып 17 Еңбекті техникалық нормалауды ұйымдастыру

Жұмыс уақытының және құрал-жабдықтарды пайдалану уақытының шығындарын жіктеу. Еңбек нормаларының түрлері мен нормалау тәсілдері. Бақылау арқылы жұмыс уақытының шығындарын зерттеу тәсілдері: жұмыс уақытының фотографиясы, хронометраж және фотохронометраж. Техникалық нормалаудың нормативтік базасы. Мамандар мен қызметкерлердің еңбегін нормалау тәсілдері. Қазіргі еңбек нормаларын еңгізу реті мен ұйымдастырылуы. Техникалық дәлелденген нормалар бойынша жұмыстарды ыңталандыру.

Тақырып 18 Еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру

Орман және орман-парк шаруашылығындағы еңбек ақы. Еңбек ақы төлеуде әртүрлі формалар мен жүйелерді қолдану жағдайлары. Мамандарға, қызметкерлер мен жұмысшыларға еңбек ақыны төлеуді ұйымдастыру.

Тәжірибелік сабақтар мазмұны

Тақырып 3 Орман шаруашылық шаралардың тиімділігі

Механикаландырылған топырақты дайындау шаралар тиімділігін есептеу.

Тақырып 4 Орман және орман-парк шаруашылығындағы ғылыми-техникалық процесс пен инвестиция

Топырақты дайындағанда орманшылықта жаңа техниканы енгізу тиімділігін; жаңа еңбек құралдарды енгізуге дейін және кейін көрсеткіштер мәнін есептеу.

Тақырып 6 Мемлекеттік орман кірісі

1 га механикаландырылған тәсілмен дайындалған топырақ, 1 га құны үшін, өзіндік құнын; өндірістің кіріс (шығын), рентабельділіген есептеу.

Тақырып 7 Өндірістік бағдарламаларды құру

200 жылына орманшылық өндірістік бағдарламаларды құру.

Тақырып 9 Өндірістік процесс және оны ұйымдастырудың негізгі принциптері

Тұқымның орманды өсіру өндірістік циклды әртүрлі тәсілмен оларды өндірісін уақытта бөлек кезеңдерді бөліп шығаруын бейнелеу

Тақырып 11 Орман шаруашылық өндірісін ұйымдастыру

Өндірістік бағдарламаны берілгедерін пайдаланып, жұмыстардың механизациясы, еңбек пен өндіріс деңгейінің көрсеткіштерін есептеу.

Тақырып 14 Өнімдер мен қызмет сапасын бақылауды ұйымдастыру

Орман және орман-парк шаруашылығында өнімдер, жұмыстар мен қызметтердің сапасын жоғарлату бойынша шараларды әзірлеу.

Тақырып 15 Өндірістің қызмет көрсетуін ұйымдастыру

Орманшылықты көмекші – күту қызметінің құрылымын құру.

Тақырып 17 Еңбекті техникалық нормалауды ұйымдастыру

Жұмыс күннің өткізілген фотосуретті жұмыс уақытының бөлек элементтерді бөліп шығаруы арқылы байқағыш парағын өндіру; жұмыс уақытының айрылуын; еңбек өнімділігінің жоғарлауын, өнімнің жобалау нормасын есептеу.

Тақырып 18 Еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру

Орман шаруашылық қызметші еңбек ақы төлеу жылдық қорын есептеу.

Студенттердің өзіндік жұмысының мазмұны

Студенттердің өзіндік жұмысына кіреді:

- дәріс сабақтарына дайындалуы;
- тәжірибелік сабақтарға дайындалуы;
- курстың тақыраптарын өздігінен меңгеруі;
- бақылау жұмысты орындау

СӨЖ+ОСӨЖ мазмұны (7 семестр)

№	СӨЖ түрі	Есептеу формасы	Бақылау түрі	Көлем, сағ.
1	Дәріс сабақтарына дайындалу		Сабаққа қатысу	20
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу	Жұмыс дәптері, кестелерді, формулалар-ды дайындау	Сабаққа қатысу, жұмыс дәп-терді қарау	20
3	Курстың тақыраптарын өздігінен меңгеру	Конспект	Конспекті қарау	30
4	Бақылау жұмысты орындау			20
Барлығы				90

Курстың тақырыптарын өздігінен меңгеруге арналған сұрақтар

1 Дамудың ұзақ мерзімдік және орташа мерзімдік бағдарламалары. «2030-Стратегиясының» ролі.

2 Аймақтардың оптимальды ормандылығы.

3 Жұмыстар мен қызметтердің тиімділігі туралы түсінік.

4 Орман және орман-парк шаруашылығына капитал еңгізудің тиімді бағыттары: орманды қорғау, орманды қалпына келтіру, орманды өсіру және әлеуметтік инфрақұрылым.

5 Ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау қызметтерді тұтынушылармен, тауар берушілермен қаржы бойынша қарым-қатынастары.

6 Орман түсімін көбейту мен оның мөлшерін орман және орман-саябақ шаруашылығы қызметкерлері мекемелерімен арттыру жолдары.

7 Жоспарлау базасы: мемлекеттік тапсырыс, лимиттер мен экономикалық нормативтер, орман шаруашылығын құру материалдары, нормативті-техникалық карталар (НТК).

8 Орман шаруашылық өндірісі бойынша, қосалқы шаруашылық бойынша, орманды өсіп тұрғанда пайдалану өнімдерінің өндірісі бойынша, табиғатты қорғау бойынша, орман-парк шаруашылығы бойынша бизнес жоспарларды құру реті мен тәсілдері.

9 Орманды өсірудің өндірістік циклі. Орман және орман-парк шаруашылығында жобалық жұмыстардың міндеттері мен кезеңдері.

10 Жұмыстардың механизациясы, еңбек пен өндіріс деңгейінің көрсеткіштері.

11 Орман шаруашылық өндірісі – орман шаруашылығы құрамының негізі.

12 Сүректен басқа өнімдерді жинау және қосымша пайдалануды ұйымдастыру.

13 Орман-парк шаруашылығын ұйымдастыру.

14 Орман және орман-парк шаруашылығында өнімдер, жұмыстар мен қызметтердің сапасын жоғарлату жолдары мен міндеттері.

15 Өндірістің көмекші – күту қызметінің құрамы мен тағайындалуы.

16 Жұмыскерлерді дайындауды және біліктілігін жоғарылатуды ұйымдастыру.

17 Еңбекті нормалаудың мәні мен міндеттері.

18 Еңбек ақы төлеуді ұйымдастыруда мекеменің құқығы.

Курстық жұмыс тақырыптары

1. Орманшылықтың ұйымдастырылу құрылымның сипаттамасы
2. Орманшылық қызметінің және бөлімдерінің функциялары
3. Бөлімдерінің және қызметтің құрылымы
4. Жай өсімдіктердің өзіндік құнының өндірістік жоспарлауы.
5. Еңбек шығынының және ат көліктің жоспарлауы.
6. Жұмысшылардың еңбек ақысын жоспарлауы.
7. Жалпы өндірістік шығындардың жоспарлауы
8. Материалдық шығындардың және амортизациялық есептеулердің жоспарлауы.
9. Бір гектар өсімдіктің өзіндік құнының әр түрлі тәсілдерде өндіруде жоспарлауы
10. Ат көлікті пайдаланып орман өсімдіктерді өсірудің шығындарын жоспарлау.
11. Машинаны пайдаланып орман өсімдіктерді өсіру бойынша шығындарын жоспарлау.

Курстың саясаты

Студент дәріс, тәжірибелік сабақтарана қатысуға, курстың жеке сұрақтарын өздігінен меңгеруге міндетті: уақытында тәжірибелік тапсырмаларды орындау, студенттік ғылыми конференцияларына қатысу. Студент дәріс және тәжірибелік сабақтарындың талқылағанда және топтың жұмысында белсенді болу, топтастардың оқытуына жәрдем беру керек. Сабақтан кейін студенттен дәріс конспектін көрсетуді сұрау оқытушыда құқығы бар. Сабақ үстінде тәртіп ережелерді бұзғанда студент осы жоспарланған бақылау түрінен баллдардан айырылады немесе аудиториядан қуып шығарылады, бұл университеттің ішкі тәртібін бұзушылық ретінде саналады студентті максималды жазалау түрінде университеттен шығарады.

Келесі штрафтық санкциялар қойылады:

- себепсіз дәріс, тәжірибелік сабақтарды босатқан үшін –осы бақылау түріне қойылған, рейтингтің максималды балл қойылады;
- тәжірибелік тапсырмалар, өздігінен меңгеруге курстың сұрақтары уақытында тапсырылмаса – осы бақылау түріне қойылған, рейтингтің максималды балл 50% қойылады.

Қорытынды формасы – емтихан, жазбаша түрде сұрақтар бойынша өткізіледі. Емтиханда көшіреге болмайды.

Пән бойынша рейтингті санау әдісі

Қортынды бақылау (арадағы аттестацияны бақылау)

050807 «Орман шаруашылығы ісі» мамандығы бойынша «Агробизнесі ұйымдастыру» пәні бойынша қорытынды бақылауға кіреді: ағымдағы үлгерім және емтихан. Ағымдағы үлгерімді бақылауға ағымдағы және аралық бақылау кіреді.

Қорытынды бақылаудың басым бөлігі кестеде көрсетілген.

Бақылау бойынша басым бөліктерге бөлу

№	Қорытынды бақылау түрі	Бақылау түрі	Басым бөлігі
1	Емтихан	Ағымдағы үлгерімді емтихан.	0,6 0,4

Межелгі бақылауды бағалау 100 балмен есептеледі. Межелгі бақылауды бағалау (МБ) 100 балмен есептеледі. Межелік бақылауға ағымдағы үлгеру қорытындысына байланысты балдары бар студенттер жіберіледі. Ағымдағы үлгеру және межелік бақылау қорытындысы бойынша анықталады (P1 және P2) пәні бойынша:

$$P1(2) = TУ1(2)*0,7+ МБ 1(2)*0,3$$

Рейтинг қойылмайды, егер студент МБ өтпеді немесе МБ 50 баллдан төмен болса.

Рейтингті бағалауға рұқсат студентке (PP) семестрге анықталады:

$$PP = (P1+P2) / 2$$

Сабақты оқыту емтиханмен аяқталады.

Емтиханға кіру үшін қажет:

- барлық жұмыс бағдарлама бойынша берілген тапсырманы орындау;
- 50 баллдан төмен болмау керек

Емтихан 100 балмен есептелінеді.

Қорытынды баға мына формула бойынша есептелінеді:

$$Қ = PP * 0,6 + E * 0,4,$$

мұнда PP – рұқсат рейтингке;

E – емтихандық сандық эквивалент.

Қорытынды рейтинг (аралық аттестацияның бағалауы)

Әр семестр жартысы (бірінші және екінші рейтинг) үшін қорытынды ағымдағы үлгерім бойынша жалпы балл дәріске қатысуынан, өзіндік жұмысынан, тапсырылған тәжірибелік тапсырмалардан, студенттік ғылыми конференциясы жұмысына қатысуынан, межелгі бақылау қорытындысынан алынған балдардан жиналады.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

- 1 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030, Алматы, 2001
- 2 Абильдин С.А. и др. Организация агробизнеса. Алматы, КазНАУ, 2001
- 3 Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2003-2005 годы // Правительственный бюллетень, № 3 (3), сентябрь-октябрь, Астана – 2002, 495 с.
- 4 Закон РК «О крестьянском (фермерском) хозяйстве». Алматы, «Фермер», 2005
- 5 Фермерское дело. под редакцией Сагадиева К.А. Алматы, Казгосаргу, 2000
- 6 Есполов Т.И. Агропромышленный комплекс Казахстана: ресурсное развитие. – Алматы: Гылым, 2001. – 245 с.
- 7 Шамырканова Д. Проблемы комплексного развития социальной инфраструктуры региона // Саясат-Policy. – 2005. - № 6. - С. 26.
- 8 Бельгибаев К.М. Экономика аграрного сектора (учебное пособие) «Ұлағат», 2001
- 9 Есполов Т.И., Сулейменов Ж.Ж. Аграрная экономика. Учебник, Алматы, 2005
- 10 Нұрғалиева А.А. Ауылдық аудандара әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі. Дисс. жұмыс. Алматығ 2010 ж.

Қосымша

- 11 Шалыгина В.Г., Омарханова Г., Отарбаева Г. Состояние сельского хозяйства РК за 1991-2001 гг. // Проблемы агрорынка. – 2001. - № 2. – С. 12-13.
- 12 Кошанов А.К. Устойчивое развитие экономики Казахстана в условиях глобализации // Саясат. – 2001. – № 2. – С. 14-18.
- 13 О концепции развития сети микрокредитных организаций для кредитования сельскохозяйственных товаропроизводителей Республики Казахстан: постановление Правительства Республики Казахстан. – 2006, апрель – 28 - № 337.
- 14 Есентугелов А., Дебердеев А. и др. Сельское хозяйство Казахстана: проблемы, пути их решения. – Алматы, 2001. – 91 с.
- 15 Калиев Г.А. Аграрные реформы на рубеже веков. – Алматы: РГП «НИИ экономики АПК и развития сельских территорий», 2003. – 326 с.
- 16 Калманова Н. Некоторые направления формирования аграрной политики ЮКО // Саясат-Policy. – 2006. - № 7. - С. 41-45.

СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру жөніндегі және «Орман шаруашылығын басқару» пәні бойынша 050807 «Орман шаруашылығы ісі» мамандығы бойынша іштей оқу нысанындағы студенттерге арналған пәннің күнтізбелік кестесі

1 рейтинг (7 семестр)										Бар-лығы
Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8		
Аптадағы максималды балл										100
Дәріс сабақтарына қатысу	СӨЖ түрі	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	32
	Бақылау формасы	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	
	Макс. балл	4	4	4	4	4	4	4	4	
Тәжірибелік тапсырмалар-ға қатысу, оларды орын-дау	СӨЖ түрі	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	32
	Бақылау формасы	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО	
	Макс. балл	4	4	4	4	4	4	4	4	
Курстың жеке тақырыпта. өздігінен меңгеру	СӨЖ түрі	КС	КС	КС	КС	КС	КС	КС	КС	36
	Бақылау формасы	-	К	К	К	К	К	К	К	
	Макс. балл	4	4	4	4	5	5	5	5	
Межелгі бақылау	Тақ. №								1-8	
	Бақ.фор								МБ1	
	Макс. балл								100	
2 рейтинг (7 семестр)										Бар-лығы
Апталар	9	10	11	12	13	14	15			
Аптадағы максималды балл										100
Дәріс сабақтарына қатысу	СӨЖ түрі	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ		28
	Бақылау формасы	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ		
	Макс. балл	4	4	4	4	4	4	4		
Тәжірибелік тапсырмалар-ға қатысу, оларды орын-дау, тапсыру	СӨЖ түрі	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ		28
	Бақылау формасы	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО	ТО		
	Макс. балл	4	4	4	4	4	4	4		
Курстың жеке тақырыптарын өздігінен меңгеру	СӨЖ түрі	КС	КС	КС	КС	КС	КС	КС		44
	Бақылау формасы	К	К	К	К	К	К	К		
	Макс. балл	6	6	6	6	6	7	7		
Межелгі бақылау	тақырыптар №							9-15		
	Бақылау формасы							МБ2		
	Макс. балл							100		

Шарт қойылған белгілер: СД – сабаққа дайындалу, Қ – сабаққа қатысу, ТО – тапсырманы орындау, КС – курстың сұрақтары, К – конспект

Кафедра отырысында ұсынылған 20__ж. «__»_____№_____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ С. Е Сарсембекова 20__ж. «__»_____